



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 35/575

31 августа 2018 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯ КҮНІМЕН! С ДНЕМ КОНСТИТУЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН!

Құрметті әріптестер!

Сіздерді біздің еліміз үшін шын мәнінде ерекше мереке Қазақстан Республикасының Конституция Күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Конституция – Қазақстанның тұрақтану және өркендеу негізі, әрбір қазақстандықтың құқығы және еркіндігінің кепілі.

Конституция — бұл біздің Отанымыздың құшақтауының тұғыры, демократиялық құрылыстың мызғымастығының негізі. Біздің Отанымыздың Негізгі заңы — бұл бостандық пен әділеттілік, адами жоғары өлшемдер мен игіліктер, патриотизм мен төзімділік секілді жалпы танылған құндылықтарға заңдылық күшін беретін, жалпы ұлттық міндеттерді шешу үшін қуатты құрал, тікелей әрекеттегі нақты қолданыстағы құжат.

Қымбатты жерлестер!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтай отырып, мықты денсаулық, игіліктер, бейбітшілік тілейміз, ертеңгі күнге және біздің Отанымыздың жаңа жетістіктеріне сенімділікпен алға баса берудіңізге, заңда жария етілген құқықтар мен еркіндіктің толық жүзеге асуына тілектестігімізді білдіреміз. Баршанызға зор денсаулық, амандық-саулық, молшылық, ашық аспан мен Отанымыз – Қазақстан Республикасының гүлде беруін тілейміз!

Құрметпен;

Қала әкімі
Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин
Б.Сәрсембеков

Уважаемые коллеги!

Поздравляем Вас, особенным праздником для нашей страны - Днем Конституции Республики Казахстан! Конституция – основа стабилизации и процветания Казахстана, гарант прав каждого казахстанца.

Конституция, как залог суверенитета, укрепила наше единение, стала стержнем стабильности и согласия, символом созидания и источником начала больших дел и нынешних побед. Несомненно, важным условием этого стали общие ценности и главные принципы деятельности государства, заложенные в Конституции Главой государства, который стал инициатором и идейным вдохновителем Основного Закона страны.

И сегодня мы с гордостью можем сказать, что, благодаря Основному Закону, нам удалось построить современное государство, воплотив многовековые надежды наших предков, их стремление к независимости и свободе.

Дорогие земляки!

Поздравляя Вас с Днем Конституции, убеждены, что мы можем с уверенностью и оптимизмом смотреть в будущее, понимая, что наша слаженная работа, сплоченность и созидательная энергия определяют дальнейшее поступательное движение Казахстана к процветанию и благополучию.

Желаем Вам крепкого здоровья, мира, успехов, новых достижений, подчеркивая вперед с уверенностью в завтрашнем дне нашей Родины.

С уважением;

Акима города
Секретарь маслихата

К.Камзин
Б.Сәрсембеков



30 ТАМЫЗ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ КҮНІ

КОНСТИТУЦИЯ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕРЕКЕЛІК КЕШ



Өткен сәрсенбі күні Приозерск қаласындағы Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығының «Достық»

арналған «Ата заңым - Айбарым!» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Жүргізушілер жиналған көпшілікті Мемлекеттік мерекемен құттықтап, мерекелік кешті ашып бергеннен кейін, құттықтау сөз қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзинге берілді. Қапала әкімі еліміздің тәуелсіздік алғаннан бергі жетістіктеріне, Ата заңымыздың маңыздылығына тоқтала келе, қала жұртшылығын атаулы мерекемен құттықтап,



соңынан көпбалалы аналарға «Алтын алқа» және «Күміс алқа» төсбелгілерін, сондай-ақ, қаламыздың дамуына өз үлестерін қосқан бірқатар мемлекеттік қызметшілерге қала әкімінің Құрмет грамотасы мен алғыс хаттарын табыс етті. Одан кейін Қайсар Аружан Әбсенқызына Қазақстан Республикасы азаматын төлқұжаты, сондай-ақ, қаламыздың бірқатар тұрғындарына пә-

тер кілттері табыс етілді. Ең соңында, «Жасыл ел» жастар жасағының үздік сарбаздарына сыйлықтар тапсырылды.

Екінші кезекте Әбдікаримов Диас Қалибекұлы Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшісінің антын жиналғандардың алдында салтанатты түрде қабылдады.

Кеш соңында қаламыздың көркем-өнерпаздары Сайырманов Бақытжан, Болисова Айғанша, Тұрсынбеков Мерей,



Қалжігітов Елдос, Шералиева Гулмира және Саттибеков Жадыраның, сонымен қатар, «Еркетай» шағын орталығы тәрбиеленушілерінің өнерпаздары мен балалар мен жасөспірімдердің «Достық» шығармашылық орталығының «Вдохновение» тобының орындауларында әсем ән мен тәтті күй шырқалып, мерекелік кеш өз мәресіне жетті.

Б.Алшынбекұлы
Суреттерде:
Мерекелік
кештен
көріністер



орталығында Қазақстан Республикасы Конституциясының 23 жылдығына





Конституция Күніне орай

1-қыркүйек – Білім күні

АТА ЗАҢ – ЕЛДІГІМІЗДІҢ ЕҢСЕСІ

Қазақстан Республикасының Конституция күні қарсаңында «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқу бөлімінде 2018 жылдың 24 тамыз күні «Ата заң – елдігіміздің еңсесі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға қаладағы мемлекеттік мекемелердің заңгерлері, қалалық әділет басқармасының қызметкерлері, кітапхана оқырмандары қатысты.

қызмет етіп келеді.

Іс-шара Қазақстан Республикасының әнұранымен ашылды. Кітапханашы М. Айтжанова ел Конституциясы - адамның құқықтары, бостандықтары, қадір-қасиетінің гуманистік тұжырымдамасы және қоғамның даму деңгейіне сәйкес келетін әділетті заң жиынтығы болып табылатынына тоқталып, тақырып төңірегінде пікір алмасуға шақырды. Іс-шара барысында



Мақсаты: ҚР конституциясының тарихына шолу жасау, оқырмандарды Ата Заңымызды құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу.

Қазақ елі тәуелсіздік алып, өз Конституциямызды қабылдағанымызға биыл 23 жыл толып отыр. Ата Заң біздің мемлекетіміз бен оның азаматтарына мінсіз

да оқырмандар қоғам мен мемлекет дамуының стратегиялық негізі болып табылатын Ата Заңымыз – Конституция туралы өзіндік ой-пікірлерін бөлісіп, ой толғады. Оқырмандар назарына «Ата заңым - мақтанышым», «Тәуелсіздіктің тірегі – Ата заң» атты кітап көрмелері ұсынылды.

Приозерск қалалық кітапханасы

Рухани жаңғыру

ЛАТЫН ӘЛІПБИІ - БАР ҚАЗАҚТЫҢ БАСЫН ҚОСАТЫН ЖАЗУ

Латын жазуы жер шарының кез келген шалғай түкпірінде жүрген қазақтардың бір-бірімен қазақ тілінде тікелей байланыс жасауына, ақпарат алмасуына, ата жұрттың жаңалықтарынан күн сайын хабардар болып, ана тілін меңгеруіне, қазақтық қалпын сақтап, дамыта беруіне үлкен ықпал жасайды. Біздің көптеген тарихи мұраларымыз латын әліпбиінде жазылған. Егер латынға көшсек, онда баға жетпес сол мұраларды халыққа қайтару мәселесі әлдеқайда жеңілдей түспек, латын қарпіне көшсек осындай мүмкіндіктерге қол жеткізе аламыз. Еліміздегі бірқатар үкіметтік және үкіметтік емес ұйым өкілдері латын қарпіне көшуді қолдайтынын айтып, мәлімдеме жасады. Латын жазуына көшу бізді әлемнің әр түкпіріндегі 5 миллионға жуық қазақтармен жақындастыра түсетіні анық. Бүгінгі таңда кирилл жазуын әлемнің 12 мемлекеті ғана пайдаланады. Ал қалғандарының көпшілігі латын әліпбиін қолданады. Демек, бұл кең таралған жазу. «Қазір әлемнің түкпір-түкпірінде 5 миллионға жуық қазақ тұрады. Олардың 80 пайызы латын әліпбиін пайдаланады. Яғни, біз болашақта латын әліпбиіне көшсек, сол қандастарымызбен жақындаса түсеміз. Бұл – сырттағы ағайынның көптен күткен арманы. Біз, қазақстандықтар көпшілік болып латын қарпіне көшуге дайын екенімізді көрсетіп, осындай маңызды қадамға баруға ауызбіршілік танытқанымыз жөн болады. Жалпы қазіргі таңда қазақ тілі әліпбиінің латын графикасына көшу тақырыбындағы басқосуларда латын қарпіне көшу туралы сауалнамалар жүргізіліп, ой-пікірлері талқыланды. Сауал-

нама негізінде 80-90 пайызы латын жазуына көшуді бірауыздан қолдайтындарын айтып, Елбасының бастамасын толығымен қолдайтындарын мәлімдеді. Латын қарпі арқылы еліміз қазіргі заманғы технологиялық ортаға, коммуникацияға, сондай-ақ, ғылыми және білім беру үдерісіне тереңірек кіріге түседі. Мемлекет бұл іске барынша байыптылықпен, дәйектілікпен және дайындықпен кірісуде.

Қазақтың жаңа жазуының сыншысы да, тілекшісі де, төрешісі де халық болмақ. Демек, әліпбидің соңғы нұсқасының қандай болатыны да барша қазақстандықтарға айқын болуы тиіс. Бұл бастама бөлініп-жарылуға емес, ескіден арылуға, сананың жаңғыруына, мемлекеттік тілдің жаңаша дамуына бастайды. Тәуелсіз Қазақ елінің азаматтарына әлденені сырттан таңуға ешкімнің хақысы жоқ. Бұл – біздің, тәуелсіз Қазақстанның өркениеттік таңдауы. Бұл таңдауда да барша қазақстандықтардың кезекті рет ырыс пен ізгілікке ұштасар бірауыздылық танытарына сенім білдіреміз.

Т. Туқенова,

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ, латын әліпбиі бойынша әдіскері

Жаңа латын әліпбиінің үлгісі

№	Латын таңбасы	Дыбысталуы	№	Латын таңбасы	Дыбысталуы
1	Aa	Aa	13	Mm	Mm
2	Bb	Bb	14	Nn	Nn
3	Cc	Цц	15	Oo	Oo
4	Dd	Дд	16	Pp	Pp
5	Ee	Ee	17	Qq	Ққ
6	Ff	Фф	18	Rr	Rr
7	Gg	Гг	19	Ss	Cc
8	Hh	Хх/Һһ	20	Tt	Tt
9	Ii	И/Ии	21	Uu	Ұұ
10	Jj	Йй	22	Vv	Вв
11	Kk	Кк	23	Ww	Уу
12	Ll	Лл	24	Yy	Ыы
			25	Zz	Зз

ҰСТАЗЫМ МЕНІҢ...

Менің мектепті бітіріп, ұлы өмірдің сұрлеу соқпағына түскеніме биыл қырық жыл толы отыр. Дүниедегі барлық адамдар секілді мен де тәлімді отбасымдағы ата-анамнан, өскен ортамнан алдым. Алайда маған негізгі тәлім-тәрбиені әжем Анарша берді деп нық сеніммен айта аламын. Әжемнің құшағында жатып, оның майын тамыза әңгімелейтін ертегілерін, аңыз-әңгімелерін, өмірден көрген хикаяларын тыңдай жүріп, білуге, үйренуге деген ықыласым мен қызығушылығым арта түсті. Оған қоса әжем баратын іптар, құдайжолыларға ере барып, ауылдың ақсақалдарының айтатын ғибратты да, өнегелі әңгімелерін тыңдауым, ата-әжелер жиналған ортада балаларға оқы-

аққан тау өзені секілді, айналасына қуат беріп, жолында кездескендерді суымен нәрлендіріп, таудай қиындықтарды тастай домалатып, білімнің сар даласында тыныштық тауып, дамылдайды. Ұстаз – Жер деген әлемнің бетін көркейткен, шәкірттеріне шуақ төккен Күн-Ана. Ұстаз – ақылдың тозбайтұғын асылы. Қасиетті мамандық иелерінің ішіндегі жауһары. Өзге мамандық атаулылары өздерінің тұр-сипатын мың құбылып жатса да, еш өзгеріссіз сол баяғы қалпында жас ұрпаққа адамгершілік қасиеттердің дәнін еккен диқаншы. «Бала жүрегі кішкентай күйсандық. Сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында әр кезде сол кілт тұру керек» -



татын жыр-дастандар, батырлар жырын мәнеріне келтіре, әндетіп оқуым әдебиетке әкелер жолдың бастауы болғаны рас. Ал, негізгі білімнің алғашқы дәнін ауылымыздағы үш жылдық, екі бөлмелі мектептегі екі мұғалім – Нұрлыбай мен Егемназар ағайлар екті деп айта аламын. Ол кездердегі мұғалімнің абырой-беделі аса жоғары болғандықтан, оларды ауылдың бар адамы сыйлап, құрметтейтіні әлі көз алдымызда. Олардың шатырдай болып киінетініне, сөйлеген сөзі мен жүріс-тұрысына, тіпті күлгеніне дейін қызығып, електеп жүретінбіз. Соның әсерінен де кішкентай кезден-ақ мұғалім болуды армандайтын балалардың бірі мен болдым. Мектеп пен ұстаз – көптеген адамдар секілді менің де ешқашан жадымнан шыққан емес. Мұғалім болсам да, соған жақын ағартушылықты, яғни журналистиканы таңдауыма да жоғарыдағы айтқан жағдайлар себепкер болғаны айдай анық. Өмірлік жолымды таңдауда жаңылдырмаған, ақыл-білімнің ұрығын сепкен, өздеріне еліктіре білген ұстаздарым – (алғашқы ұстазым) Нұрлыбай Шамұратов, Егемназар Жанәліұлы, қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытушылары Кенжеғали Қойтбаев, Карл Құлманов (марқұмдар), Сатыбалды Айдарбеков, жоғарғы сыныптарда жетекшілік етіп, сахна төріне шығарып, творчествома қанат бітірген Мырзағали Бекназаров сияқты мен үшін ұлы тұлғаларды Білім күні мерекесі қарсаңында ризашылықпен еске аламын.

Өмірде мамандықтың түрі көп. Әр мамандықтың өзіндік ерекшелігі бар. Дәрігер адамдарды емдесе, мұғалім оларды оқытады, әнші ән айтады, құрылысшы үй салса, тігінші киім тігеді. Қоғам мен халық шаруашылығындағы басқа да мамандықтар туралы айта беруге болады. Адамдар мамандықты жүрегінің қалауы бойынша таңдауы керек. Өйткені, әрбір адамның болашағы таңдаған мамандығына тікелей байланысты. Өз ісін жақсы көріп, үлкен жауапкершілікпен атқарғанда ғана адам өзін бақытты сезінеді екен. Жас ұрпақты білім нәрімен сусындатар, шәкірт жүрегіне гүл егер, бала жанының бағбаны аяулы ұстаздар емес пе?! Иә, ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақындар да, тегеуріне темір балқытқан жұмысшы да, егін еккен дихан да, мал бағып терін төккен шопан да бәрі-бәрі ұстаздан білім алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді. Ұстаз – таудан арқырай

деп, М.Шаханов ағамыз айтқандай, әр баланың жүрегіне жол табу, бала бойындағы дарынды ашу мұғалімнің ең басты міндеті деп ойлаймын. Күнделікті таңертең мектеп ауласына жақындағанда, балалардың сыңғырлай күлген дауыстары өз мамандығын жанындай сүйген әрбір мұғалімді қуанышқа бөлейді.

Балалардың әр күні ұстаздардың көз алдымызда өтіп жатады. Олардың алдына келген балалар – біреудің маңдай алды жарығы, енді бірі – жан дегенде жалғыз, бірі – ерке, бірі – қой аузынан шөп алмас момыны. Маңдай алды жарығын Таңшолпандай жарқыратып, жан дегенде жалғызды көпшілікке үйретіп, қой аузынан шөп алмасты ортада жарқылдап сөйлер шешен қылып тәрбиелеу үшін қажымас қайратпен қатар батылдық пен батырлық та қажет. Мектеп – балалардың екінші үйі болса, ал ұстаздар екінші анасы десек те артық етпейді. Әр үйдің еркелерін бір арнаға тоғыстырып, олармен жұмыс жасау оңайға соқпайды. Алайда баланың тілін тауып, тілдесе, жақсы тәрбие берудің өзі бір үлкен ғанибет. Ақ парақ бетіне сызу сызғандай баланың кіршіксіз санасына алғашқы адамгершілік, мейірімділік нұрын сеуіп, білім, өнер нәрімен сусындату мұғалімдердің еншісінде. Сөзден жыр кестесін өрген Фафу Қайырбеков «ұстаз» деген сөздің анықтамасын дәл берген. «Ұстаз болу – сезімнің ақындығы, Ұстаз болу – жүректің батырлығы. Ұстаз болу – мінездің күн шуағы, Азбайтұғын адамның асылдығы». Осы төрт қасиет әр ұстаздың бойынан табылуы қажет. Себебі мұғалім қай сабақта болмасын оқушысын еркіндікке баулиды. Сондықтан да ұстаздың міндеті талап пен еңбекті оқушыдан талап ете отырып, білімнің теңізінен маржан тапуды керек. Ұстаз – Қаратаудың қойнауындай тереңде жатқан кенді ашып, білім мен ғылымның жемісінің дәмін таттыратын, армансызға арман ұялатып, қанатсызға дарын қанатын бітіретін ғажайып күш иесі. Қорыта келгенде, мұғалім мамандығы әлемдегі ең қажет мамандықтардың бірі. Сөз соңында Білім күні мерекесімен қаламыздағы егіз қозыдай қос мектептің ұстаздар қауымын, оқушыларды және ата-аналарды газет ұжымының атынан құттықтаймыз хәм алдағы оқу жылында жарқын да жаңа жетістіктер тілейміз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.



БАУКЕҢ ТАМДЫДА БОЛҒАН

Ұрпаққа ұлағат

Тұнып тұрған сырға толы Тамдыбұлақтың тарихы туралы қазақстандықтар енді ғана тамтұмдап біліп келеді. Ежелден Тауелібай аталған бұл өңір тарих сахнасында күні кешегі қазан төңкерісіне шейін әуелі Ақтөбе өңіріне қарап келіп, кейіншілік Қарақалпақстанның қарамағына өткен. Қарақалпақстан ол кезде Қызылорда аймағына қараған. КСРО билік еткен тұста жердің шалғайлығы мен қатынастың қиындығына байланысты Бухара облысына басыбайлы беріле салған. Одан кейінгі дәуір бәріміздің көз алдымызда өтіп, Тамды ауданы Өзбекстанның еншісінде қалып кете барды. Дегенмен кеңестік саясат пен идеологияның арқасында кеңестік Қазақстанмен мәдени-әдеби байланыс үзіле қоймағандықтан, ақын-жазушылар, өнер қайраткерлері мен әртістік топтар, жыршы-термешілер ара суытпай барып тұрғаны және қазақстандық баспасөзден тапшылық көрмегені шындық. Кітапханалар сөрелері қазақ ақын-жазушыларының шығармалары жазылған кітаптардан қайысып тұратын. Біз солардан сусындап өстік. Сол кездегі астана – Алматы мен өзге де үлкен қалалардағы жоғарғы һәм арнаулы оқу орындарында жастарымыз оқып, мамандық алып отырды. Тамды және Үшқұдық аудандарының шалғайда қоныстанған қойшылары Қызылорда, сол кездегі Шымкент облыстарының шекарасына жақын қоныстанғандықтан, аталған аймақтардың шаруашылықтарымен, қойшыларымен біте-қайнаса аралысып отырғанына өзіміз де куәміз. Яғни, тамдылықтар тарихи Отандарының кит еткен жаңалық-хабарларынан ешқашан қалыс қалмаған, бірге демалып отырған.

Тамды тарихындағы өшпестей ел есінде қалған екі оқиғаны жұрт осы күнге дейін аңыздай етіп ауыздан тастамай айтып келеді. Оның біріншісі – қазақ вальсінің королі атанған Шәмші Қалдаяқовтың Тамды топырағында болып, бүгінде ән жұлдызына айналған «Тамды аруы» әнінің шығу тарихы болса, екіншісі – қазақтың жиырмасыншы ғасырдағы дара туған батыр ұлы – Бауыржан Момышұлының арнайы сапары. Бұлардан басқа белгілі қазақ қаламгерлерінен Сырбай Мүәленов, Қадыр Мырза Әлі, Сәуірбек Бақбергенов, Кеңшілік Мырзабеков, Свет Оразов, Мейірхан Ақдәулетов, Ахас Тужуітов т.б. сыйлы қонақтармен қатар қазіргі эстраданың жарық жұлдызы Макпал Жүнісова «Гүлдер» ансамблінің құрамында, басқа да көптеген өнер және сахналық топтар қызылқұм өңіріндегі өнерсүйер қауыммен қауышып отырғанын білеміз. Алайда, Баукеннің арнайы сапарының орны тамдылықтар үшін ерекше болатын.

1976-жылғы сәуірдің соңғы күндерінде «Ауылға Бауыржан Момышұлы келіпті» деген

хабар құлағымызға жеткенде сегінші сыныпты бітіргелі отырған біздер де елең ете қалдық. Жалпақ әлемге танымал, аты аңызға айналған батыр, А.Бектің батыр туралы жазған «Волоколамск тас жолы» шығармасы және өзінің кітаптарымен таныс тұлғаның бізге ат басын бұруы шынымен де ғажайып оқиға болған еді. Біз оқитын шопан балаларына арналған мектеп-интернат ұжымы да қарбаласып жатты. Шамасы бізде де кездесу болуы ықтимал еді.



Ер Бауыржанның Тамдыда болуы

Оқу жылының аяғы әрі мамыр мерекесі таяп қалғандықтан, біз – бітіруші сыныптың оқушылары кездесуге арналған дайындыққа кірісіп кеттік. Өлең, тақпақ жаттап, киім үлгілерімізді реттеп әбігерге түскенбіз. Алайда, батырмен кездесу аудан орталығындағы Ұлы Отан соғысы құрбандарына арналып салынған ескерткіш алаңда, аудан халқы мен мектеп оқушыларының қатысуымен өтті. Ауданның ығай мен сығайларының ортасында, қасына өзімен ере келген бірер кісісі бар, басына түлкі тымақ пен үстіне шапан киіп келген Баукен мінберге шығып, кең мағыналы естелік әңгімесін шертті. Бірнеше сағатқа созылған кездесуде біздер тарапынан тақпақ, өлеңдер оқылып, өнер көрсетілді. Бірақ, аңыз-адаммен болған кездесуге біздің мейіріміз қанбай қалғаны рас. Ол кездегі біздей бозбалалар үшін Баукендей тұлғалар нағыз үлгі еді ғой.

Біздің ауылдан шыққан, демалыстарда үйіне барып тұратын дәрігер әрі құдамыз Әлмахан Сапарбаевтың үйіне Баукен қонады екен дегенді есітіп, батыр атамызды жақын-нан

көру және әңгімесін тындау үшін келесі күні жатағымызға жақын болғандықтан, сонда бардық. Сегіз қанат киіз үйдің іші лық толы болғандықтан, онда бас сұғу мүмкін емес еді. Сондықтан киізі түрүлі іргеден сығалап қарауға тура келді. Әлекеннің әкесі Жұманазар атамызбен екеуі төрге жайғасып, кезектесе әңгіме тиетін ақтарып отырды. Бұл жерде Баукен көбірек сауал беріп, осы елдің жай-күйіне, тұрмыс-тіршілігіне көбірек көңіл бөліп, молы-

рақ мағлұмат алуға қызығушылық танытып отырған сынайлы. Сыйлы қонақтарға кешкі сыбаға келгенше сол жерде талай әңгіме мен тарихты тыңдап, біз де жатағымызға қайтқан едік.

Араға он бір жыл салып, Алматы қаласындағы сол кезегі Киров атындағы ҚазМУУ-нің журналистика факультетіне оқуға түсу маңдайыма жазылды. Бала кезден армандаған мамандығымда қызмет ете жүріп, мамандық бойынша сырттай оқуға қолым жетті. Міне, осы жерде баяғы Баукеннің Тамдыға сапарында қасында болған кісінің бірімен жолығудың сәті түсті. Ол – бізге дәріс беретін ұстаз әрі жазушы, бауыржантанушы Мамытбек Қалдыбаев еді. Менің Тамдыдан екенімді білген Мәкең өзінің Баукенмен бірге ол жақта болғанын, Тауелібай өңірі туралы жақсы білетінін атты. Мамытбек ағадан өзінің батырдың бір баласындай болып қолында өскенін, тәлім-тәрбиесін алғанын білдік. Сөз арасында одан Баукеннің Тамды сапарына кімнің себепші болғанын да сұрадық. Аталған сапар жайында ешкімнен тұшымды

әңгіме есті-меген бізге бұл қызықты еді. Себебі даңқы әлемге жайылған тау тұлғаның кез-келгеннің шақыруымен ел аралап кете бермейтіні тағы белгілі. Тамдыға облыс немесе аудан басшылығы тарапынан да ресми шақырту болмаған. Сондықтан Момышұлы секілді батырды Қазақстаннан тым жырақта жатқан біздің елге сапар шегуге көндірген адамның еңбегін еске алуды жөн санадық. Мәкеңнің айтуына қарағанда, батырдың Тауелібайға баруына біздің тамдылық Ахметов Энгельс ағамыз түрткі болған екен. Э.Ахметовтің ауданда тұтыну қоғамында қатардағы қызметкер болғанымен, сөзгер, құймақұлақ, көп деректен хабардар және әңгімені жүйелеп айта білетін адам екенін білеміз. Осынау тарихи оқиға жайында теміртаулық Құманғали Атамқұлов та естелік әңгіме жазыпты. Мамытбек ағаның айтқандарымен аздаған сәйкессіздігі болмаса, негізінен Баукеннің біздің елге баруында Энгельс ағамыздың үлкен еңбегі болғандығын айта жүруге тиіспіз. Ал, Баукеннің Тамды туралы берген бағасы өз алдына. «Қазақ құрып кетті ме деп ойлайтын едім. Мына қызылқұмның арасында қаймағы бұзылмаған, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын қалпын бұзбай сақтаған, жастары үлкеніне бағынып, сөзін жерге тастамай тындаған, тілі таза елім әлі бар екен ғой. Осыны көрген мен енді армансызбын! Сендер аман болсаңдар, қазақ әлі қалпына қайта келер...» деген мағынадағы сөзі «Жас алаш» газетінің бұрынрақтағы бір нөмірінде жарияланған еді. Мамытбек Қалдыбаев ағамыз да осы сапар жайлы естеліктерді өзінің шығармаларына арқау еткен. Баукенмен кездесіп танысып, екеуінің әңгімелері жарасып, Энгельс ағаның шақыртуын қабыл алуы батырдың да қарапайымдылығын, қазақ халқының жанын-дай сүйетіндігін, болашағына аландайтын көрсетпей ме?! Ел аузында батырдың қайтар кезіндегі айтқан бір сөзі аңыз болып қалған: осы сапарынан қайтар сәтінде батыр елмен қоштаса тұрып, «Сұрайтын қандай бұйымтайларын бар?» депті. Сонда ақсақалдардың бірі: «Қонаевқа сәлем айтыңыз, бізді Қазақ-станның құрамына қайтып алсын...», деген көрінеді. Баукен: «Айтпаймын, сендер осы саф қалыптарыңда қалыңдар, ол жаққа өтсеңдер, сендер де шүршітке айналасың-дар. Нағыз қазақ болашақ ұрпақ үшін керек...» деген екен дейді. Баукен батыр ғана емес, алысты болжайтын көріпкел де болып тұр ғой сонда. Қаймағы бұзылмай сақталған қазақтың шалабын шайқалтқысы келмегені де. Айтпағымыз, ұрпақтар біле жүрсін деген мақсат.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
Суреттерде: Баукен Тамдыдағы жүртпен.
Суреттер Қ.Атамқұловтан алынды.

Коррупция – нет!

БОРЬБА С КОРРУПЦИЕЙ В НАЛОГОВЫХ ОРГАНАХ

Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев, говоря о борьбе с коррупцией, неоднократно подчеркивал, что без участия общества нельзя победить коррупцию и для Казахстана преодоление коррупции является одним из главных направлений государственной политики, приоритетность которого четко обозначена главой государства.

Вот почему президент в своей Стратегии «Казахстан-2050» Новый политический курс состоявшегося государства в качестве одного из приоритетов государства назвал борьбу с коррупцией. Борьба с коррупцией, определенная в качестве важного приоритета государственной политики, таким же приоритетом является и для органов налоговой службы.

Большой круг политологов, юристов, экономистов широко в статьях и публикациях раскрывают как само понятие «коррупции», так и борьбу с ней.

В стране действует современное антикоррупционное законодательство, основой которого являются законы «О противодействии коррупции» и «О государственной службе РК», образован специальный уполномоченный орган, комплексно реализующий функции в сфере государственной службы и противодействия коррупции, активно осуществляется международное сотрудничество в сфере антикоррупционной деятельности.

Приняты комплексные меры по развитию сферы государственных услуг и информатизации работы госаппарата, сокращающие прямые контакты чиновников с гражданами, минимизируя условия для коррупционных явлений.

При этом, вопросы состояния борьбы с коррупцией регулярно рассматриваются на совещаниях в Управлений государственных

доходов по г.Приозерск. На данных совещаниях обсуждаются нарушения антикоррупционного законодательства со стороны сотрудников других регионов, вырабатывается план действий по искоренению этого негативного явления.

Создана и работает на постоянной основе комиссия по вопросам борьбы с коррупцией и соблюдению служебной этики, для рассмотрения жалоб налогоплательщиков на действия (бездействия) сотрудников УГД по г.Приозерск. На сегодняшний день жалоб на сотрудников УГД по г.Приозерск не поступало.

Со служащими регулярно проводится профилактическая работа по недопущению коррупционных проявлений, в виде персональных бесед о необходимости неукоснительного соблюдения антикоррупционного законодательства, проведения тех.учеб, семинаров и т.д.

Вместе с тем, существенное внимание уделено и сотрудничеству с правоохранительными и другими заинтересованными органами по профилактике коррупционных правонарушений.

Таким образом, пропаганда антикоррупционной политики в УГД по г.Приозерск, а также применение вышеуказанных мер по предупреждению и недопущению проявлений коррупции, а также воспитание нетерпимости к коррупции среди сотрудников налоговых органов, являются положительно-предприимчивыми шагами в противостоянии и искоренении коррупции, которое помогают повышать имидж органов налоговой службы и приводят к росту доверия среди налогоплательщиков.

Б.Дуйсенов,
Руководитель УГД по г.Приозерск

Профилактика религиозного экстремизма

РАЗЪЯСНИТЕЛЬНАЯ РАБОТА ИНФОРМАЦИОННОЙ ГРУППЫ С УЧАСТИЕМ ТЕОЛОГА «НУРЛЫ БІЛІМ»

В городе Приозерск с 08 по 28 августа 2018 года было проведено 7 встреч с участием теолога «Нурлы білім» А.Абдрашева.

При проведении лекции, теолог общественного объединения «Нурлы білім» центра помощи пострадавшим от деструктивных религиозных течений Абдрашев А.К. и член городского ИРГ Б.У. Курмангожин довели до присутствующих темы: «Концептуальные отличия традиционного Ислама от религиозного мотивированного экстремизма и терроризма», «Концепция государственной политики в религиозной сфере Республики Казахстан на 2017-2020 годы».

В период указанного времени в городе Приозерск не было проведено встреч с приверженцами ДРТ мужского и женского жамагата.

Общепрофилактические мероприятия: Акимом города Приозерск К.А.Камзиным утвержден новый состав информационно-разъяснительной группы на 2018 год и утвержден план работы на 2 полугодие 2018 г. В втором полугодии будут полностью

охвачены общеобразовательные школы города, государственные служащие, безработные, индивидуальные предприниматели.

В утвержденный состав ИРГ вошли заместитель акима, руководитель ОВП, КиРЯ, главный имам г.Приозерск, иерей местного православного религиозного объединения



«Приход Александра-Невского храма г.Приозерск Карагандинской и Шахтинской епархии», государственные служащие, руководители неправительственных организации.

Для эффективности работы перед каждой встречей проводится устное тестирование членов ИРГ.

Б. Курмангожин,
специалист по религии

УПОЛНОМОЧЕННЫЙ ПО ЭТИКЕ - КАК ГАРАНТ УКРЕПЛЕНИЯ СЛУЖЕБНОЙ ДИСЦИПЛИНЫ

В своем Послании народу Казахстан от 14.12.2012 года «Стратегия "Казахстан-2050": «Новый политический курс состоявшегося государства» Глава государства отметил, что «надо, чтобы на работу, особенно в органы местной власти, набирали лучших, вне зависимости от этнической принадлежности. Критерий один – высокая этика и профессионализм».

Но как показывает практика, не все государственные служащие соблюдают предъявляемые требования по соблюдению этических норм.

В этой связи, в целях укрепления служебной дисциплины с 2016 года в стране начал функционировать институт уполномоченных по этике.

Правовой статус уполномоченного по этике и порядок организации его деятельности определен Указом Президента Республики Казахстан от 29.12.2015 года за №153.

На уполномоченных по этике возложена обязанность по осуществлению деятельности по обеспечению соблюдения норм служебной этики и профилактики нарушений законодательства о государственной службе, противодействию коррупции и **Этического кодекса** государственных служащих, а также оказания консультации государственным служащим и гражданам в пределах своих функций, что в свою очередь, будет способствовать формированию позитивного морально-психологического климата в коллективах.

На сегодняшний день в Карагандинской

области функции уполномоченного по этике выполняют **45** госслужащих.

Уполномоченным по этике аппарата акима Карагандинской области является Асылбекова Сандугаш Сабетовна, на должность которого она была назначена по итогам конкурсных процедур.

Необходимо отметить, что если на начальном этапе функции уполномоченного по этике возлагались на действующего государственного служащего, не отрывая его от основных обязанностей, то с июня 2017 года в аппаратах акимов областей и городов республиканского значения, а также в центральных государственных органов введена отдельная штатная единица уполномоченного по этике.

В свою очередь, в аппаратах акимов городов и районов, а также в территориальных подразделениях центральных государственных органов функции уполномоченного по этике возложены на государственных служащих, занимающих руководящую должность, а также снискавших признание и уважение в коллективе.

С момента введения института уполномоченных по этике наблюдается существенное снижение фактов нарушения норм служебной этики не только со стороны рядовых государственных служащих, но и занимающих руководящие должности.

Так, если в 2016 году, при Дисциплинарном совете, из 89 рассмотренных вопросов **53** (59,5%) были дисциплинарные дела, то в 2016

году Советом по этике из 79 вопросов было рассмотрено **34** (43%) дисциплинарных дел, то есть менее 50%.

В свою очередь в 2017 году из 69 вопросов рассмотрено **21** дисциплинарных дел, что составляет 30%.

Также, в целом отмечается снижение количества нарушений норм служебной этики государственными служащими Карагандинской области.

Так, если за первое полугодие 2017 года к дисциплинарной ответственности были привлечены 93 государственных служащих, в том числе **37** за нарушение норм служебной этики, то за аналогичный период 2018 года к дисциплинарной ответственности привлечены 79 государственных служащих, в том числе **11** за нарушение норм служебной этики.

На сегодняшний день уполномоченными по этике проводятся определенные работа по недопущению норм служебной этики со стороны государственных служащих.

В августе текущего года Агентством с участием всех уполномоченных по этике, а также иных заинтересованных лиц проведено совещание, где обсуждался итоги деятельности уполномоченных по этике за первое полугодие 2018 года.

В целом деятельность уполномоченных по этике Карагандинской области за первое полугодие текущего года со стороны Агентства оценено положительно.

Так, уполномоченные по этике местных ис-

Высокая этика и профессионализм

полнительных органов Карагандинской области попали в списки лидеров по проведению разъяснительных мероприятий (373), по рассмотрению обращений государственных служащих и граждан (41), по приему граждан (136), а также по восстановлению конституционных прав обратившихся, что несомненно указывает на повышения доверия общества институту уполномоченных по этике.

Вместе с тем, в отдельных государственных органах работа по выполнению возложенных функций уполномоченных по этике находится не на должном уровне, что является недопустимым.

Как указано выше, функции уполномоченного по этике возлагаются на государственных служащих, имеющих авторитет в коллективе.

В этой связи, уполномоченным по этике необходимо оправдать возложенную миссию и принимать меры по созданию благоприятной морально-психологической атмосферы в коллективе, так как от состояния климата в коллективе зависит эффективность деятельности государственного аппарата в целом.

Макеев Б.М.,

И.о. руководителя Управления контроля в сфере государственной службы Департамента Агентства по делам государственной службы и противодействию коррупции по Карагандинской области

Көкейтесті мәселе

АДАМ САУДАСЫ – АУЫР ҚЫЛМЫС

Тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап еліміздің саяси бағыты айқындалып, әрбір сала ерекше қарқынмен дамыды. Егеменді елдің сот жүйесінде де оң өзгерістер орын алды десек те болады. Бұл бағытта көптеген шаралар Елбасымыздың тапсырмасымен қолға алынып, игілікті істер атқарылды. Алдымен қазіргі кездегі көкейтесті мәселелердің бірін қарастыратын болсақ ол – адам саудасы. Адамды сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге мәмілелер жасасу, оны қанау не азғырып көндіру, тасымалдау, жасыру, қылмыстық әрекетке мәжбүрлеуге қарсы күресті нығайту жөніндегі жұмыстарды күшейтті. Көп жағдайда қылмыскерлер құлдық құрбандарын қомақты қаражат көзі, жоғары жалақы және лайықты қызмет орнымен қызықтырып, құрыққа түсіреді. Әсіресе, әлеуметтік аз қамтылған, тұрмыстық деңгейі төмен отбасы мүшелері, күнкөріс көзін күйттеген саяси-экономикалық ахуалы сын көтермес көрші елдерден келушілер алдымен нысанаға ілігеді. Айлакер алаяқтар БАҚ-дағы жалған жарнама, галамтор желісі, неке агенттіктері, танысу бұрышы арқылы байланыс орнатып, арбауына түсіреді. Адам саудасының алдын алу және қарсы күрес саласында халықаралық серіктестікті дамыту, заңнаманы жетілдіру, құқық қорғау органдарында арнайы бөлімшелермен бірлесе қоғамда үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу маңызды. Әлемде адам саудасы бойынша Беларусь, Молдова, Ресей және Украина елдері алдыңғы қатарда келеді. Олардың соңынан Армения, Грузия, Қазақстан мен Өзбекстан орын тепкен. Әдетте адам саудасы арзан еңбек күшіне зәру заңды кәсіпкерлікпен тура және жанама байланыста жүзеге асады. Қылмыскерлер ауылшаруашылығы өндірісі, жеңіл өнеркәсіп, мақта-мата, темекі өнімдері өндірісі сынды кең әрі ауқымды кәсіпкерлік кеңістігін мол табыс көзі ретінде пайдаланады.

2003 жылы ҚР Әділет министрлігінің жанынан ведомстваралық комиссия құрылып, оның құрамына адам саудасы құрбандарының құқықтары мен бостандықтарын қорғаумен айналысатын ықпалды халықаралық және үкіметтік емес ұйымдар, мемлекеттік органдар кірді. Алматы және Көкшетау қалаларында адам саудасы құрбандарына арналған екі арнайы жетімхана, мемлекеттің қаржыланды-



руымен 2009 жылы Астанада адам саудасы құрбандарына арналған оңалту орталығы ашылды. 2005 жылы Ішкі істер министрінің бекітуімен Б.Бейсенов атындағы Қарағанды заң институтының негізінде заңсыз миграция және адам саудасымен күрес бойынша мамандар даярлайтын оқу орталығы құрылды. ҚР Қылмыстық Кодексында адам саудасымен байланысты қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген. Мәселен 116-бап «Адамның ағзалары мен тіндерін алып қоюға мәжбүрлеу немесе заңсыз алып қою» – 12 жылға дейін, 128-бап «Адам саудасы» – 3 жылдан 15 жылға дейін, 134-бап «Кәмелетке толмаған адамды жезкешелікпен айналысуға тарту» – 3-жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру қатысты заңдары күшіне енген.

Жұмыр жер бетінде өмір сүріп жатқан барша адамзатты алаңдатып отырған адам саудасы өте маңызды трансұлттық қылмыс және адамның құқығы мен бостандығын өрескел бұзу әрекеті болып табылады. Мұны көп жағдайда жеке адамға қатысты проблема дегенімізбен, бұл – жеке бастың ғана емес, мұндай қылмысқа жол беру – сол мемлекет құқығының өрескел бұзылуы болып саналады. Себебі, қылмыстың бұл түрі әрбір елдің ұлттық қауіпсіздігіне, мемлекеттің экономикалық тұрақтылығына және барша азаматтардың өмірі мен әл-ауқатына төнген үлкен қауіп болып тұр. Сондықтан қазіргі күні адам саудасымен күрес бір мемлекеттің ғана емес, барша адамзаттың күш біріктіруін айрықша талап етеді. Демек, бірлесіп күресуіміз қажет!

Г.Шәрбекова,
«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ басшысы

ОТБАСЫЛЫҚ КЕМПИНГ

Мемлекет басшысы «100 нақты қадам» – Ұлт жоспары және «Мәңгілік Ел» идеясында білім беру жүйесінің мазмұнын жанарту бойынша халықаралық стандарттарға сәйкес нақты міндеттерді қойды. Мектепке дейінгі мекеме білімін жетілдіруде «Сырттай балабақша» әлеуметтік-педагогикалық жобасы табысты жүзеге асырылуда. Жобаның мақсаты – мектепке дейінгі тәрбиені қамтылмаған балаларға жаңа ортаға жылдам бейімделуіне, ересектерге өз баласын түсінуіне, оны тәрбиелеу құралдары мен әдістерін дұрыс таңдауына көмектесуді көздейді. Бұл жобаның тиімділігі мен қажеттілігі айқын. Жобаны жүзеге асыруда ата-аналарға кеңес беру мен теориялық білімге баса көңіл бөлінсе, ата-аналар үшін тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға ерекше мән беріледі.



«Сырттай балабақша» әлеуметтік-педагогикалық жобасы аясында Приозерск қаласының «Балбөбек» бөбекжайында «Отбасылық кемпинг» атты іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараның негізгі мақсаты мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын бүлдіршіндерге инновациялық әдіс-тәсілдерді, ойын арқылы танымдық іс-әрекеттерін, ойлау қабілеттерін жетілдіру. Ата-аналардың педагогикалық, психологиялық құзіреттіліктерін дамыту. Аталмыш іс-шара алты кезеңді қамтыды. Амандалу рәсімін



білім бөлімінің әдіскері Ж.Е.Рахимбаева алғы сөзбен ашса, танысу тренингінде бөбекжай әдіскері А.К.Қалмурзаева «Ерекше танысу» әдісі арқылы ата-аналар, бүлдіршіндері менен жақыннан танысты. Тәрбиеші Г.К.Ерекеева арттерапия әлеміне қатысушылармен бірге саяхаттап, бұл бөлімде ата-аналар арттерапия сөзінің мағынасын ашып, достық қарым-қатынас, ұжыммен жұмыс жасай білуді үйреніп, балаларға тиімділігі мен маңызы жайында мағлұматтарға қанықты. Келесі бөлімдер бойынша балабақша тәрбиешілері О.И.Садуақасова түстер терапиясының, Г.К.Ерекеева құм терапиясының, Э.Б.Жузімова су терапиясының пайдасы мен маңызын түсіндіру бойынша жұмыстар жүргізді. «Отбасылық твистер», «Би және музыка», «Көңіл-күй аквариумы» бөлімдері де ата-аналармен балдыр-ғандардың көңіл-күйлеріне ерекше серіпін сыйлады. Барлық әдістер ойын тәсілдерімен жүргізілді. Қатысушыларға арналған аталмыш шара балалардың ұсақ қол моторикасының, ойлау, есте сақтау қабілеттерінің артуына, қимыл-қозғалыс, шапшаң-дықтарының дамуына септігін тигізгені сөзсіз. Қатысқан ата-аналар мен педагогтар ұйымдастырылған шара өз мақсатына жеткенін айтып, ризашылық ілтипаттарын білдіріп тарқасты.

Г. К. Ерекеева,
«Балбөбек» бөбекжайының тәрбиешісі

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 35/575. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.